

Міндеттерді бөлу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 7 маусым N 270. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1996.07.12. N 332 өкімімен.

1. Үкімет Аппаратының Басшысы мен оның орынбасарлары арасында міндеттерді беру бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 456 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 7 маусымдағы
N 270 өкімімен

бекітілген

Үкімет Аппаратының Басшысы мен оның орынбасарлары
арасында міндеттерді
Б ө л у

Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы
С.И.Шуткин

Аппарат пен оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметіне жалпы
б а с ш ы л ы қ ж а с а у .

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен оның Төралқасының мәжілістерін
өткізу, Үкімет қаулылары мен Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын әзірлеу
м ә с е л е л е р і .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Парламентпен, Президент Әкімшілігімен
және аумақтар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылданған қаулыларының, Қазақстан
Республикасы Президенті мен Парламенті актілерінің Үкіметтің құзыретіне
жататын бөлігінің орындалуын ұйымдастыру.

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және
жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру.

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және Үкімет тағайындайтын
өзге де орталық органдардың басшыларын өздерінің лауазымдық міндеттерін
тиісті түрде орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы

ұ с ы н ы с т а р

ә з і р л е у .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң бастамашылығы құқығын жүзеге асыру мәселелері, Үкімет қабылдайтын нормативтік актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен үйлесуін қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың орындалуын бақылау жөніндегі жұмысты үйлестіру.

Ә.М.Қажыгелдиннің, Г.Г.Штойктың, Н.Қ. Есенғариннің, Н.А.Шәйкеновтың кеңесшілері

топтарының

Кадр жұмыс бөлімінің

Қорғаныс және құқық тәртібі бөлімінің

Заң бөлімінің

Үкімет Кеңесінің

Қазақстан Республикасы Парламентіндегі Үкімет өкілдігінің жұмысын үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты
Басшысының бірінші орынбасары

Б.Т.Биманбетов

Өндірістік емес салаларды басқару ісін үйлестіру мәселелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері.

Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің

Сыртқы байланыстар бөлімінің

Қаржы-шаруашылық бөлімінің

Аграрлық сектордағы реформалар бөлімінің

Мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы белгілеу секторының Үкімет Аппаратының Өндірістік-пайдалану бөлімінің жұмысын үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты
Басшысының орынбасары

Т.Қ.Бегахметов

Республикадағы экономикалық және әлеуметтік дамуды талдау, экономикалық реформаларды жүзеге асыру барысында бақылауды ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы жоғары экономикалық кеңеспен өзара іс-қимыл мәселелері.

Мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері.

ТМД мемлекеттерінің интеграциясын күшейту ісіндегі үйлестіру мәселелері.

Бюджетті, кредиттік саясатты, ақша айналысын, еңбек және халықты жұмыспен қамту, шетелдік инвестицияларды қалыптастыру жөніндегі

жұмыстарды ұйымдастыру.

Экономикалық реформалар орталығының, Үкімет Баспасөз қызметінің жұмысы мәселелері, Ғылыми-техникалық прогресс.

Материалдық өндіріс салаларын, оның ішінде агроөнеркәсіп кешенін басқаруды үйлестіру мәселелері.

Қаржы, еңбек және ақша айналысы бөлімінің

Экономикалық саясат бөлімінің

Өнеркәсіп саясаты және өнеркәсіп саясаты жөніндегі кеңесшілер тобы б ө л і м і н і ң

Экономикалық реформалар орталығының жұмысын үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты Басшысының орынбасары - Аумақтық даму бөлімінің меңгерушісі

Қ . Е . К ө ш е р б а е в

Аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселелері, Үкіметтің аймақтарындағы шешімдерінің орындалуын бақылау, жергілікті атқарушы органдардың кадр мәселелері.

Республикалық шараларды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты бөлімдерінің аймақтық проблемаларды шешу жұмысын үйлестіру.